



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**Экономиканың нақты секторларында дайын өнімге деген сұраныс пен өндіріс көлемі артып келеді**

**2024 жылдың 1-тоқсанында экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындарда жүргізілген сауалнама (салалық конъюнктуралық шолу) нәтижесі туралы**

**ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаменті директорының орынбасары Денис Чернявскийдің түсіндірмесі**

*Астана қ.*

*2024 жыл, 20 мамыр*

Нақты сектор кәсіпорындарында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы 2024 жылғы I тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде, құрылыста, саудада, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтауда дайын өнімге сұраныс артқанын көрсетті. Осы жылдың II тоқсанында құрылысты қоспағанда (біршама баяулауын), барлық салада сұраныспен байланысты жағдай жақсарады деп күтіледі.

Осы жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында да экономикада шикізат пен материалдар бағасының өсуі баяулағаны, ал барлық салада өндіріс көлемінің артқаны байқалды.

Кәсіпорындардың мәліметі бойынша, 2024 жылғы II тоқсанда барлық салада шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқыны төмендеп, дайын өнімнің бағасының өсу қарқыны баяулайды күтіледі. Бұл ретте ауыл шаруашылығы саласы есепке алынған жоқ, онда бағалар бұрынғы деңгейде сақталады.

Сауалнамаға сәйкес, ауыл шаруашылығында, саудада және өңдеуші өнеркәсіпте өндіріс көлемі артуы мүмкін.

Сауалнамаға тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, көлік пен қоймада сақтау салаларынан барлығы 2,6 мыңнан астам кәсіпорын қатысты.

**Толығырақ:** <https://nationalbank.kz/kz/page/rezultaty-oprosov-predpriyatiy-v-razreze-otrasley>

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)